

**Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы мен Румыния Зерттеулер және технология министрлігінің арасындағы Ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 16 маусым N 779

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылы 26 сәуірде Бухарест қаласында жасалған Қазақстан

Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы мен Румыния Зерттеулер және технология министрлігінің арасындағы Ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі румын жағын Үкімет қабылдаған шешім туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы мен Румынияның Зерттеу және технология Министрлігі арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы  
Келісім

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы мен Румынияның Зерттеу және технология Министрлігі бұдан былай "Уағдаласушы Тараптар" деп аталады,  
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің, ережелеріне және әрбір мемлекетте қолданылып жүрген заңдарға сәйкес теңдік пен өзара тиімділік негізінде ғылым мен техника саласында ынтымақтастықты қолдап, дамытады.

## 2-бап

Осы Келісімнің 1-бабында көзделген ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында Уағдаласушы Тараптар төте байланыстар орнатуда мүдделі румын және қазақстан ұйымдары мен мекемелерін қолдап, ынтымақтастықтың нақты бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асырудың шарттарын, қаржыландыру тәсілдерін, сондай-ақ басқа да қажетті мәселелерді анықтайды.

Уағдаласушы Тараптар, өзара келіскен жағдайда, осы Келісімнің шеңберінде атқарылатын шараларды жүзеге асыруға қатысу үшін үшінші мемлекеттердің немесе халықаралық ұйымдардың өкілдерін шақыруына болады.

## 3-бап

Уағдаласушы Тараптар ғылым мен техниканың өзара мүдделі болып табылатын саласында, осы Келісімнің 1-бабында көзделгендей, ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуға атсалысады.

## 4-бап

Румын және Қазақстан ұйымдары арасында ғылыми-техникалық ынтымақтастық мына төмендегідей нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

- бірлескен зерттеу жобалары, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар және олардың нәтижелерін алмасу;
- ғалымдар мен мамандар алмасу;
- бірлескен ғылыми конференциялар, симпозиумдар, семинарлар, көрмелер және басқа да шаралар;
- ғылыми, ғылыми-техникалық ақпарат және құжаттама алмасу;
- өзара мүдделі болып табылатын салаларда бірлескен ғылыми-техникалық лабораториялар мен зерттеу ұжымдарын құру.

Аталған Келісімнің ережелеріне сәйкес өзара уағдаластық негізінде

ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың басқа да нысандары пайдаланылуы мүмкін.

## 5-бап

1. Осы Келісімнің орындалуына атсалысу мақсатында Уағдаласушы Тараптар Ғылыми-техникалық ынтымақтастық мәселелері бойынша Тараптар

ғылыми-техникалық ынтымақтастық мәселелері бойынша Бірлескен комиссия құрады;

2. Бірлескен Комиссия өз мәжілістерін, әдетте, әрі кеткенде екі жылда бір рет, елдердің әрқайсысында алма-кезек өткізіп тұрады, бірақ кезектен тыс мәжілістерін қажет деп тапқан уақытта өткізеді;

3. Бірлескен комиссияның міндеттері мыналар:

а) ынтымақтастықтың басым бағыттарын келісу;

б) осы Келісімнің ережелерін орындау үшін қолайлы жағдайлар жасау;

в) бірлескен бағдарламалар мен жобалардың жүзеге асырылуына атсалысып,

оларды қолдау;

г) ынтымақтастықты дамыту туралы соны ұсыныстарды қарап, жүзеге асыру негізінде екі жақты ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың келешегі мен стратегиясын айқындау;

4. Комиссия өз қызметін ұйымдастыру үшін өз қызметінің Тәртібін әзірлеп, бекітеді.

## 6-бап

Осы Келісімнің орындалуына және румын және қазақстан ұйымдары арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық жүзеге асырылуына байланысты қаржы шығындары:

- бағыттаушы Уағдаласушы Тараптың есебінен;

- валютасыз баламалы алмасу негізінде;

- арнайы уағдаластықтардан туындайтын басқа да жағдайлар негізінде жұмсалуды мүмкін.

## 7-бап

Осы Келісімнің шеңберінде жүзеге асырылатын ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың барысында алынған өзге де ақпараттар сияқты, ғылыми және ғылыми-техникалық нәтижелерді де көпшілікке мәлім ету үшін таратуға, жариялауға немесе сауда-саттық мақсаттарына пайдалануға болады, бұл үшін міндетті түрде Тараптардың өзара келісімі, олардың әрбір мемлекеттер қолданылып жүрген заңдарға, сол сияқты санаткерлік меншікке жататын халықаралық ережелерге сәйкес болуы қажет.

## 8-бап

Аталған Келісімнің ережелері Уағдаласушы Тараптардың олар мен басқа елдер арасында жасалған келісімдері мен шарттарынан туындайтын құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

## 9-бап

Уағдаласушы Тараптардың осы Келісім күшіне кіруі үшін қажет тиісті үрдістерді орындайтынын айғақтаушы ақтық жазбаша хабары алынған күннен бастап аталған Келісім күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл бойы қолданылатын болады және Уағдаласушы тараптардың бірде-біреуі оның күшін жою жөнінде жазбаша хабардар етпеген жағдайда өзінен-өзі кезекті бір жыл мерзімге ұзартылады. Келісімнің күшін жою туралы жазбаша хабар алынғаннан соң алты ай өтісімен оның қолданылуы тоқтатылады.

Осы келісімнің қолданылуын тоқтатуы аталған Келісімге сәйкес

жасалған, оларды жүзеге асыру келісілген шарттар негізінде жалғастырыла беретін жобаларды іске асыруға әсерін тигізбейді.

Бухарест қаласында, 1996 жылғы 26 сәуірде екі дана болып әрқайсысы қазақ, румын және орыс тілдерінде жасалды, және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Мағыналық жағынан әртүрлі түсінік туған жағдайда орыс тілінде жазылған нұсқа дұрыс деп есептелінеді.

Қазақстан Республикасының	Румынияның зерттеу және
Ғылым Министрлігі - Академиясы	технология Министрлігі
үшін	үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК